ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 27 тамыз № 5165-25-00-2/2065 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы М.И. Оңласов, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен төмендегі талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Түркістан облысы әкімі аппаратының «Түркістан облысы әкімдігінің іс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «Олжеке» Меруерт Байзаковна Нажмидинова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. Тұрақсыздық сомасын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226, 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Түркістан облысы әкімі аппаратының «Түркістан облысы әкімдігінің іс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «Олжеке» Меруерт Байзаковна Нажмидинова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «Олжеке» Меруерт Байзаковна Нажмидиновадан мемлекет пайдасына 43 440 (қырық үш мың төрт жүз қырық) теңге тұрақсыздық айыппұл және 3 270 (үш мың екі жүз жетпіс) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде

Құжатқа қол қойылған: Оңласов М.И., 27.08.2025
Заңды күшіне енген күні: 03.10.2025, судья Оңласов М.И., 03.10.2025
5165-25-3-1/1969

хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **М.И. Оңласов**

Құжатқа қол қойылған: Оңласов М. И., 27.08.2025

Заңды күшіне енген күні: 03.10.2025, судья Оңласов М. И., 03.10.2025

«ТОРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖОЛ
Сот өндірісі
Судопроизводство
«ОБЩЕСТВО ТОРЕЛИК»
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА